



Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары

2026-2027 оқу жылы

Ақтөбе 2026 жыл

**№32 «Қуаныш» балабақшасындағы ерекше дамудағы балалармен
2026-2027 оқу жылында жүргізілетін жұмыстың жылдық жоспары.**

Мақсаты:

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың психологиялық, танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына қолдау көрсету, балабақша ортасына бейімделуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері мен даму деңгейін анықтау.
2. Баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға ықпал ету.
3. Танымдық процестерін дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Қарым-қатынас, әлеуметтік және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.
5. Педагогтерге және ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.
6. Баланың даму динамикасын жүйелі түрде бақылау.
7. Баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес қолайлы психологиялық орта қалыптастыру.

№	Бағыты	Жұмыс тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	Диагностика	Баланың бастапқы даму деңгейін анықтау	Жеке ерекшеліктерін анықтау	Қыркүйек
2	Бейімдеу	«Менің балабақшам»	Балабақша ортасына бейімдеу	Қыркүйек
3	Эмоциялық даму	«Көңіл күйімді көрсетемін»	Эмоцияларды тануға үйрету	Қыркүйек
4	Зейін	«Тап және көрсет»	Зейінді шоғырландыру	Қазан
5	Қабылдау	«Түстерді ажырат»	Түстерді ажырату	Қазан
6	Ұсақ моторика	«Саусақтарым ойнайды»	Саусақ қимылдарын дамыту	Қараша
7	Ұсақ моторика	Ермексазбен жұмыс	Қол саусақтарының икемділігін арттыру	Қараша
8	Есте сақтау	«Суретті есте сақта»	Көру арқылы есте сақтауды дамыту	Желтоқсан

9	Ойлау	«Суретті сәйкестендір»	Заттарды салыстыру, сәйкестендіру	Желтоқсан
10	Сөйлеуді қолдау	«Затты ата және көрсет»	Сөздік қорын белсендіру	Қаңтар
11	Түсіну	«Нұсқауды орында»	Қарапайым нұсқауларды орындауға үйрету	Қаңтар
12	Әлеуметтік даму	«Бірге ойнаймыз»	Бірлескен ойынға қатысу	Ақпан
13	Қарым-қатынас	«Досыммен амандасамын»	Қарапайым әлеуметтік әрекеттерді қалыптастыру	Ақпан
14	Таным	«Үлкен-кіші»	Заттарды көлеміне қарай ажырату	Наурыз
15	Таным	«Біреу-көп»	Сандық ұғымдарды қалыптастыру	Наурыз
16	Эмоциялық реттеу	«Ашулансам не істеймін?»	Эмоцияны басқарудың қарапайым тәсілдерін үйрету	Наурыз
17	Релаксация	«Тыныш дем аламыз»	Босаңсу және тынышталу дағдыларын дамыту	Сәуір
18	Өзін-өзі бағалау	«Менің қолымнан келеді!»	Өзіне деген сенімін арттыру	Сәуір
19	Дербестік	«Өзім жасай аламын»	Қарапайым әрекеттерді өздігінен орындауға ынталандыру	Сәуір
20	Әлеуметтік дағды	«Көмектесейік»	Көмек сұрау және көмек көрсету дағдысын қалыптастыру	Мамыр
21	Қорытынды	«Менің жетістіктерім»	Жыл бойындағы жетістіктерін анықтау	Мамыр

Психолог Л.А.Жолаушыбаева